

Бекітемін:

№14 «Шолпан» балабақшасының
менгерушісі  Ж.Ж.Кисигова

**2020-2021 оқу жылына арналған
педагог-психологтың
жылдық есебі**

Педагог-психолог: Даменова Г.Р.

Максаты мен міндеттері:

Балалардың психикалық денсаулығын сақтау және нығайту.

Балалардың психикалық дамуына жағымды психикалық-психологиялық жағдай туғыту.

Балалардың балабақшаға тез бейімделуіне жағдай жасау.

Балалардың қызығушылығы мен танымдық әрекеттерін және бейімділігін анықтай отырып, оларға түрлі ұсыныстар берілді. Тиімді әдіс-тәсілдер арқылы балалардың психологиялық саушылығына ықпал ету, жеке тұлға қызығушылығын арттыру және оның дамуындағы әр түрлі қиыншылықтарды түзетуге түзете-дамыту сабақтары жүргізілді.

Балалардың бойындағы жағымсыз қылықтарды анықтап, оны болдырмауға ықпал ететін алуан түрлі тренинг-сабақтар өткізілді.

Ата-аналардың сұранысы бойынша балалармен жеке диагностика өткізілді және балаларды топқа бөліп түзете-дамыту сабақтары өтті.

Ата-аналармен, педагогтармен жеке және топтық жұмыстар жүргізілді. Ата-аналар, пед. кеңестерде тренинг элементтері жүргізілді және сауалнама алынды.

Балабақшада психологиялық қызметке дұрыс әлеуметтік сұранысты қалыптастыру мақсатында және балабақшаның тәрбие беру кезеңінде арнайы жағдайларды қалыптастыра отырып, баланың психологиялық дамуын жақсарту мақсатындағы міндеті ол балалардың психологиялық даму нәтижелерін бақылап отыру, балалардың дамуындағы мәселені шешуге психологиялық көмек көрсету үшін жағдай жасау, балаларды индивидуалды және жастық ерекшеліктеріне сәйкес келуі негізінде психологиялық талдауды жүзеге асыру, көңіл-күйлерін ұйымдастыруға қатысу, педагогикалық ұжымды және ата-аналарды психологиялық ағарту арқылы, сұраныс негізінде психолог жұмысының түрлерімен, ақыл-кеңестермен, бағыттармен құқықтары және міндеттерімен таныстыру арқылы, педагогикалық ұжымды психологиялық қызметтің жұмыс стратегияларын жасауға қатыстыру болып табылады.

Психологиялық бағыт: психодиагностика, түзету-дамыту, ақыл-кеңес, ағарту, профилактика.

Балалармен жұмыс: балалардың балабақшаға бейімделуі, адаптация жеңіл өтуіне психологиялық көмек көрсету. Балалармен танысып топ тиімін дайындау, жылдың басында және жылдың аяғында зерттеу жұмыстар жүргізу.

сенсомоторлық карта өткізу, балабақша балаға қандай әсер етуін анықтау (сұрақ-жауап). Жыл бойы психологиялық түзету-дамыту жұмыстар жүргізу.

Жылдық есептің мақсаты: психологтың атқарған жұмыстарына тоқталып, шолу жасап соған байланысты есеп беру.

Қыркүйек айынан бастап 1 топпен жұмыс жасалды, жылдық жоспарға сүйеніп отырып айлық жоспар құрылды перспективалық жоспар құрылды.

Қыркүйек айында балалармен адаптациялық кезеңнен өтуіне байланысты психопрофилактикалық, психодиагностикалық жұмыстар жүргізілді. Балалармен танысып топ тиімін дайындадым.

Осы айда көбінесе балалардың бейімделуіне назар аудардым. Балабақшада бірінші рет келіп тұрған балалар көп болды. Сол себептен қабылдау.

кезенінде топтарға барып бақыладым, қиын үйреніп жүрген балаларға психологиялық көмек көрсеттім және ата-аналардың сұранысы бойынша көп жеке жұмыстар жүргізілді. Біріншіден балалардың үйренбей жүрген себептерін анықтауға тырыстым, содан кейін ғана жұмыс жасадым. Балалармен психологиялық ойын жүргіздім осындай мақсатпен- әр түрлі ережелерді сақтауға үйрету, бір-бірімен біріктіру өзара сенім жағдайын құру және коррекциялық түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Ата-ана-бала-тәрбиеші арасындағы қарым-қатынастарын бақылап анықтадым. Бейімделуге көп кеңестер, ақпарат таратылды және ата-аналар жиналысында тренингтер өтті. Қазан-қараша айында жоспар бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілді.

МАД тобындағы балаларға «Әлемде жоқ жануар» әдістемесі жүргізілді.

Желтоқсан айында балалармен жүргізілген жұмыстар ретіне келер болсақ, баланың балабақшаға бейімделуіне байланысты «Үй, адам, ағаш» әдістемесі жүргізіліп, тәрбиешілерге педагогикалық отырыста ұсыныстар тапсырылды. Жалпы балалардың балабақшаға деген әсері жақсы, достары көп екені анықталды. Бір-бірімен қарым-қатынастары жақсы, балалар тіл табысып ойыншықтармен бірігіп ойнау біледі.

Желтоқсан айында мектепке даярлық тобында «Достық» психологиялық ойын өткізілді.

Қаңтар-ақпан айында үлгерімі «төмен» деңгейдегі балалармен психологиялық түзету жұмыстары жүргізілді. «Суретті есте сақта», «Пішінді тап», жұмыстары жүргізілді. Сөз қоры аз, логикалық қабілеті төмен балалармен жұмыс жасалды. Балалардың жаман жақсысына болмейді, барлығын бірдей ұстайды. Жалпы психологиялық ауа-райы жақсы қалыптасқан. Сәуір, мамыр мектепке даярлық топтармен зерттеу жұмыстары жүргізілді,

«Шұғыла» мектепалды даярлық тобының қатысқан балалары-20.

Балабақша ата-ана байланысын жақсарту мен тәрбиешілердің ата-аналарымен байланысы ай сайын ұйымдастырылды.

Ата-аналармен «Бакытты отбасы» тренинг жүргізілді. Балалармен ата-аналар түрлі ойындар, жаттығулар жасады.

Наурыз, сәуір түрлі әдістемелер топтамаларын жүргізілді. Қазан-қараша айында ата-аналар жиналысында жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижесімен таныстыру және сол тақырыпқа кеңес беру.

Мамыр айында психодиагностика түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу.

2020-2021 оқу жылының жылдық есебін қорытындылай келе, жоспар бойынша қойылған жұмыстар жүзеге асырылып, психологиялық анықтамалар берілді. Негізінен қиындықтар ата-аналармен жұмыс барысында туындады. Себебі, өзіндік көзқарасымен, жеке ойлауымен табандылық көрсететін ересек тұлғалардың қандай да бір мәселеге көзін жеткізу қиын болып келеді.

Келесі оқу жылына психологиялық қызмет мынадай жұмыстарды іске асыруды жоспарлайды. Педагогтармен, ата-аналармен және балалармен жүргізілетін бес бағыт бойынша жұмыс мазмұнын толықтыру.